

Мектеп кітапханасында 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен ағымдағы жылдың 19 қаңтар күні «Денсаулық-зор байлық» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Денсаулық-зор байлық» деген мақал тегін айтылмаған. Адамның басты байлығы-денсаулық. Денсаулық-адамға табиғаттың берген ең ұлы құндылығы. Денсаулықты әртүрлі тәсілдермен сақтап, нығайтуға болады. Әркім өз денсаулығына ерекше мән беруі қажет. Өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, салауатты өмір салтын сақтау қажет. Бүгінгі адам салауатты өмір мен денсаулық мәдениетін игермей тұрып, өзін білімді адам деп санай алмайды. Өйткені, әрқайсымыздың денсаулығымыз бұл жеке байлық қана емес, ол сондай-ақ еліміздің дамыған елу елдің қатарына қосылуы үшін де қажетті шарт. Яғни, адамдардың денсаулығы да сол елдің өркениеттік деңгейін танытатын маңызды факторлардың бірі. Ал денсаулықтың негізгі шарты- мәдени орта, салауатты өмір салты. Сондықтан да елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасында, дұрыс тамақтануымызға, тазалық пен сауықтыру шараларын сақтауымызға бағытталған»деп атап көрсеткен..

«Денсаулық-зор байлық» деп қазақ халқы дене тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Дене жанның құралы. Құралы мықты болса, иесі де мықты. «Сау денеде –салауатты рух болады» деген мақал ескіден қалған.

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңдағы жас ұрпаққа сапалы білім, баланың саулығын сақтап, саналы тәрбие беру. Олардың әрқайсысына өмірден өз жолын табуға көмектесуді негізгі мақсат еткені абзал. Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасын, салт-дәстүрін пайдалана отырып, «баланы-жастан»демекші, дені сау, сана-сезімі терең, ақыл ойы зерек ұрпақ тәрбиелеу, баланы бесігінен жақсы әдетке баулу әр ата- ананың міндеті.

Кітап көрмесі «Дені саудын жаны сау!»

